

БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ

КІРІСПЕ

Ұйымдастыру-құқықтық және меншік формасы қандай екеніне қарамастан, Білім беру мекемелері (бұдан былай – Тараптар, «Ұйымдар» не «Білім беру мекемелері») осы Кодекске қол қойғанда:

— 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тұлғаның жеке басын басынуға, ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, өзгедей, адамның ар-намысына нұқсан келтіретін қатынас көрсетуге не жазалауға болмайтынын; әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы барын;

— 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге сәйкес, ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, өзгедей, адамның ар-намысына нұқсан келтіретін қатынас көрсетуге не жазалауға болмайтынын;

— 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге сәйкес, «осы Пактіге қатысатын мемлекеттер әр адамның білім алуға құқығы барын мойындайды. Олар білім адамның тұлғасын толық дамытуға және оның ар-намысын қалыптастыруға бағытталуы және адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарына құрмет сезімін қалыптастыруға тиіс екеніне келісетінін, сондай-ақ олар білім әр адамға еркін қоғамның пайдалы мүшесі болуға мүмкіндік беруі, барлық ұлттар мен барлық нәсілдік, этностық және діни топтар арасындағы өзара түсіністікке, төзімділік пен достастыққа ықпал етуі және Біріккен Ұлттар Ұйымының жер бетіндегі бейбітшілікті сақтау жолындағы жұмысына қолдау көрсетуі керек екеніне келісетінін»;

— 1989 жылғы Бала құқықтары туралы конвенцияға сәйкес, «Қатысушы мемлекеттер баланы кемсіту немесе баланы оның ата-анасы, заңды қамқоршылары немесе отбасының өзге де мүшелері өз мәртебесіне, қызметіне, көзқарасына немесе сенім-нанымдарына сүйене отырып жазалауының, қорлауының, жұмысқа салуының барлық формасынан қорғауды қамтамасыз ету үшін қажет экономикалық, әлеуметтік және саяси шаралардың бәрін атқаратынын»;

— 2007 жылғы «Білім туралы» ҚР заңына сәйкес, Білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелер мен білім беру ұйымдарының жарғыларында белгіленген шектерде оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болатынын (43-бап), ал «Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті» (47-бап) екенін;

— 2019 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» ҚР заңына сәйкес, кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында педагогтар оқушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары не өзге заңды өкілдері тарапынан ар-намысына және адал атына құмет көруге қақылы екенін мойындай отырып;

— білім беру процесі оған қатысушылардың өзара құрметіне сүйеніп құрылуы керек екеніне;

— білім беру мекемелерінде оқушылар мен мұғалімдер үшін жайлы да қауіпсіз орта қалыптастыру – білім сапасын арттырудың, толыққанды дербес тұлға, қоғамның жауапкершілігі зор

мүшесін қалыптастырудың кепілі екеніне;

— білім беру процесіне қатысушылардың әрқайсының ар-намысы мен ерекшеліктеріне құрметпен қарау, Білім беру мекемелеріндегі әр тұлғаны құрметтеу және достық пейіл таныту ахуалы білім беру мен тәрбиелеудің басты шарттары екеніне

сенімді бола отырып,

мынаған келісті:

Тараптар осы Кодексті ішкі нормативтік құжат ретінде бекітуге және төменде анықталғандай білім беру процесіне қатысушылардың бәрі оны ұстануын және бұзбауын қамтамасыз етуге міндеттеледі.

1-БАП

КОДЕКСТІҢ МАҚСАТЫ

Осы Кодекс мектептегі құдалаудың (буллинг) алдын алу және оған жол бермеу, сондай-ақ мектепте құдалау (буллинг) белгілері байқалған жағдайда өзара әрекет ету тәртібін анықтау үшін қабылданып, бекітілді.

Осы Кодекс Білім беру мекемелерінің, олардың директорлары, қызметкерлері, оқушылар, ата-аналар және оқушылардың өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынас (Білім беру мекемелерінің ішінде де, олардан тыс та, оның ішінде Интернетте) барысындағы мінез-құлық ережелерін, құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

2-БАП

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

2.1. Мектептегі құдалау (буллинг) – білім беру процесіне қатысушы тұлғалар тобының бір немесе бірнеше тұлғаға қатысты жүйелі түрде психологиялық немесе физикалық агрессив мінез-құлық көрсетуі.

Мектептегі құдалау (буллинг) санатына мыналар жатқызылады:

- бойкот (қудалау құрбанына қарсы бір топтың сөйлесуден, сұрақтарына жауап беруден, өзара әрекеттесуден бас тартуы, елемей қоюы);
- топтан шығарып тастауы;
- топтың құдалау (буллинг) құрбанына қатысты балағат, намысына тиетін ат беруі;
- бір топ немесе сол топпен ауызжаласқан бір тұлға құдалау құрбанының мүлкін, ол мүліктің материалдық құндылығы қандай екеніне қарамастан, арам пиғылмен зақымдауы, ұрлауы;
- құдалау құрбанының дене немесе ақыл-ой ерекшеліктері мен кемшіліктерін көп алдында сөз ету;
- құдалау құрбаны туралы жағымсыз (атына кір келтіретін) ақпарат (мәлімет) тарату;
- кибербуллинг (Интернет ғаламтор желісі арқылы құдалау);
- бір топ тұлғаның құдалау құрбанына қатысты өзге де зорлық-зомбылық көрсету формалары;
- алдау, бопсалау, психологиялық қысым не физикалық зорлық көрсету көмегімен ақшасын не жеке заттарын тартып алу.

2.2. Қудалау тараптары:

- құдалауды (буллингті) бастаушылар – ұжымдағы өзінің билік өкілеттігімен де, дене не ақыл-ой не өзге де артықшылықтарымен байланысты айрықша орнын пайдаланып, құдалауды

ұйымдастыратын тұлға. Қудалауды бастаушы деп білім беру процесіне кез келген қатысушы да, Білім беру мекемесінің қызметкері де, сондай-ақ оқушының бір немесе бірнеше туысы да танылуы мүмкін;

- қудалау (буллинг) құрбаны – қудалауға ұшыраған тұлға;
- қудалауға (буллингке) қатысушы – қудалауды бастаушының ұсынысымен қудалауға қосылған тұлға;
- қудалау куәгері – қудалау эпизодтары туралы білген білім беру процесіне қатысушы, Білім беру мекемесінің қызметкері, оқушының заңды өкілі.

2.3. Қудалауды (буллингті) ұйымдастыру – бір топтың бір немесе бірнеше тұлғаға қатысты осы Кодексте аталған қудалау (буллинг) сипаттары бар агрессив әрекеттер жасауға үндей отырып бірігуі.

2.4. Білім беру процесіне қатысушылар:

- Білім беру мекемесінің қызметкері – Білім беру мекемесінің аумағында қызмет атқаратын тұлға;
- Білім беру мекемесінің директоры – Білім беру мекемесінің сол мекемені басқаруды жүзеге асыратын қызметкері;
- Білім беру мекемесінің әкімшілігі – Білім беру мекемесінің ішкі құжаттарына сәйкес басқарушы функциялар жүктелген қызметкерлері;
- Педагог қызметкер (мұғалім) – Білім беру мекемесімен еңбек, қызмет қатынасында тұрған және оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және (немесе) білім беру әрекетін ұйымдастыру міндетін атқаратын жеке тұлға;
- Оқушы – осы Кодекстің бір тарабы саналатын Білім беру мекемесінде білім бағдарламасын меңгеріп жатқан кәмелетке толмаған тұлға;
- Оқушының заңды өкілі – ҚР заңнамасына сәйкес оқушының заңды өкілі саналатын оның ата-анасы не қамқоршысы.

Оқушылар, олардың ата-анасы (немесе кез келген заңды өкілдері), Білім беру мекемесінің қызметкерлері қудалауға қатысушы тараптардың кез келгені болуы мүмкін.

2.5. Қудалау туралы ішкі нормативтік акт – Білім беру мекемесінің ішкі жарғысына сәйкес, жеке-дара басқару органының өкілеттіктері аясында қабылданған, білім беру процесіне қатысушылардың бәрін және Білім беру мекемесінің қызметкерлерін осы Кодексті ұстануға міндеттейтін және Білім беру мекемесінің оқушылары мен қызметкерлерінің осы Кодекс ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік шараларын белгілейтін нормативтік құжат.

3-БАП

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗГЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Білім беру мекемесінің оқушыларымен өзара әректескенде педагог (тәрбиеші), сондай-ақ Білім беру мекемесінің өзге де қызметкерлері:

- кез келген оқушы не оның туыстары туралы арына тиетін сөз айтуына;
- кез келген оқушыға қатысты физикалық әсер ету шараларына жол беруіне;
- кез келген оқушыға дініне, ұлтына, нәсіліне, жынысына, әл-ауқатына немесе өзге де сипаттарына қарай кемсіту көрсетуіне;
- бір оқушы жасаған әрекет үшін оқушыларға ұжымдық жауапкершілік шараларын қолдануына;
- оқушыларды бір не бірнеше оқушыға бойкот жасауға не осы Кодексте айтылған қудалау ұғымына сай келетін өзге әрекеттерге үндеуіне;
- оқушының тұлға ретіндегі ерекшеліктерін, олардың арасындағы қарым-қатынас пен

сезімдерін өзге оқушылардың көзінше сөуге не сөз етуіне;

- оқушыларға лақап ат қоюына;
- оқушылар арасындағы интеллектуалдық, әлеуметтік не басқа айырмашылығын баса

көрсетуге;

- оқушыларды өзге оқушылардың көз алдында жазалауға;
- жекелеген оқушыларға немқұрайлы қарауына;
- қатаң иерархиялық ықпал етудің тоталитарлық стилін дәріптеуіне;
- өзіне қатысты қорлауға мән бермеуіне;
- қудалау жағдайына қолдау көрсетуіне немесе норма деп тануына;
- оқу процесіне қатысушыларды қорлайтын не арына тиетін, осы Кодекске сай сондай

деп танылған өзге де әрекеттер жасауына болмайды.

3.2. Мектепте оқушылар арасында қудалау белгілерін байқаған жағдайда, Білім беру мекемесінің қызметкерлері қудалауды тоқтату үшін қолынан келгеннің бәрін, мыналарды қамтитын, бірақ бұлармен шектелмейтін шараларды жасауға міндетті: қудалауды бастағандармен және соған қатысқандармен сөйлесу; сондай-ақ өзіне белгілі болған қудалау эпизодтары туралы оған ақпарат жеткізу және қудалауды тоқтату, сондай-ақ оны бастаған адам мен соған қатысқандарға қатысты тәртіп шараларын жасау мәселесін шешу үшін міндетті түрде Білім беру мекемесінің директорын шұғыл хабардар ету.

3.3. Білім беру мекемесінің қызметкері тарапынан қудалау белгілерін байқаған жағдайда, Білім беру мекемесінің өзге қызметкері өзіне белгілі болған қудалау эпизодтары туралы оған ақпарат жеткізу және қудалауды тоқтату, сондай-ақ Білім беру мекемесінің қудалау жасаған қызметкеріне қатысты тәртіп шараларын жасау мәселесін шешу үшін міндетті түрде Білім беру мекемесінің директорын шұғыл хабардар етуге тиіс.

3.4. Білім беру мекемесінің қызметкері Білім беру мекемесінің директорына өзіне осы Кодексте баяндалған мектептегі қудалау түсінігіне жататын әрекеттер туралы ақпарат жеткізу үшін білім беру процесіне қатысушылардың жүгінгені туралы шұғыл хабарлауға міндетті.

3.5. Өзіне белгілі болған мектептегі қудалау фактілері туралы хабарлаған оқушы аты-жөні жасырын қалғанын қалайтынын айтса, Білім беру мекемесінің қызметкері оның аты-жөнін жария етпеуге тиіс.

4-БАП

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Оқушының:

- әр адам тарапынан ары мен намысына құрмет көруге;
- адамдық тұлғасын толық дамытуға бағытталған білім алуға;
- өзге оқушылар тарапынан да, Білім беру мекемесінің қызметкерлері тарапынан да болатын қудалаудан қорғауға және қорғануға;
- мектептегі қудалаудан қорғану үшін Білім беру мекемесінің педагог қызметкеріне не (немесе) директорына жүгінуге;
- мектепте қудалау фактілерін байқаса, ол кімге қарсы бағытталғанына қарамастан, Білім беру мекемесінің қызметкерлерінен оны тоқтату үшін шұғыл шаралар жасауын талап етуге;
- Білім беру мекемесінің қызметкеріне жүгінгенде өз аты-жөні аталмағанын сұраса, аноним болып қалуға;
- мектептегі қудалау фактілері туралы Білім беру мекемесінің кез келген қызметкеріне хабарлауының болуы мүмкін жағымсыз салдарынан қорғалуға құқығы бар.

4.2. Оқу процесінің өзге қатысушыларымен өзара әрекеттесу барысында оқушы:

— оқу процесінің қатысушыларына (Білім беру мекемесінің оқушылары, қызметкерлері, оқушылардың заңды өкілдері (ата-анасы) қатысты ар-намысына тиетін сөздер айтуына;

— оқу процесінің өзге қатысушыларына қатысты ар-намысына тиетін әрекеттер жасауына, соның ішінде түкіруге, итеріп жіберуге, зорлық-зомбылық жасаймын деп қоқан-лоққы көрсетуіне (мысалы, ұрайын деп тұрғандай қол сермеуіне), кез келген заттарды лақтыруына және т.б.;

— дене күшін қолданып зорлық көрсетуіне;

— оқу процесінің қатысушысына қаратып ар-намысына тиетін (жағымсыз) сипаттағы лақап аттарды қолдануына;

— өзгенің мүлкін бүлдіріп, жоюына;

— оқу процесінің бір немесе бірнеше қатысушысын ұжымдық игнорға (елемеу, бойкот) ұшыратуына;

— Білім беру мекемесінің өзге оқушылары не қызметкерлері ұйымдастырған құдалауға қосылуына;

— оқу процесінің қандай да бір қатысушысына қатысты құдалау ұйымдастыруды мақсат ететін топ құруына;

— өзге оқушыларды Білім беру мекемесінің бір немесе бірнеше оқушысына не қызметкеріне қатысты осы Кодексте мектептегі құдалау деп танылған әрекеттер жасауға үндеуіне;

— Білім беру мекемесінің бір немесе бірнеше оқушысына не қызметкеріне қатысты осы Кодексте мектептегі құдалау деп танылған қандай да бір өзге әрекеттер жасауына болмайды.

4.3. Оқушы құдалаудың құрбаны, куәгері не қатысушысы болғанына қарамастан, Білім беру мекемесінің кез келген қызметкеріне мектептегі құдалау жағдайлары туралы хабарлауға қақылы. Білім беру мекемесінің қызметкері оқушының айтқан мәліметіне сүйеніп, осы Кодекстің 3-бабына сәйкес шаралар атқаруға міндетті.

5-БАП

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ ДИРЕКТОРЫ МЕН ӘКІМШІЛІГІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

5.1. Осы Кодекске қосылған Білім беру мекемесінің директоры:

- мектептегі құдалаудың алдын алу және бар-жоғын анықтау шараларын жасайды;
- оқу процесіне қатысушыларға мектептегі құдалау сипаттары, оның қаупі, анықтау және тоқтату әдістері туралы хабарлайды;

- сол бейінде жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдарды қатыстырып, мектептегі құдалауға қарсы күреске ықпал ететін лекция, семинар, практикалық сабақтар ұйымдастырады;

- мектептегі құдалауға қарсы күресу мақсатында мемлекеттік органдармен, өзге білім беру мекемелерімен, оқушылардың заңды өкілдерімен ортақ іс-қимылдар жасайды.

5.2. Білім беру мекемесінің әкімшілігі мектептегі құдалау фактілері бойынша кез келген жүгінуді тіркеп, оларға қатысты әрекет етіп, мектептегі құдалауды анықтау және тоқтату үшін мыналарды қамтитын, бірақ бұлармен шектелмейтін барлық мүмкін шараны атқаруға тиіс:

- сынып жетекшісін ауыстыру;

- құдалауға қатысушылармен, оқушылардың заңды өкілдерімен ортақ әңгімелесу ұйымдастыру;

- келістіруші комиссиялар құру;

- медиаторларға жүгіну;

- білім беру процесіне қатысушылар арасындағы құдалау сипаты бар конфликтілерді реттеу, құдалаудың алдын алу бағытында жұмыс істейтін мектепшілік ұйым құру;

- сол бағытта жұмыс істейтін ұйымдарға жүгіну;

- құдалауды бастаушылар мен оған қатысушыларға қатысты заңда көзделген тәртіп шараларын қолдану.

5.3. Білім беру мекемесінің директоры осы Кодекске сәйкес құдалау туралы ішкі нормативтік актіні қабылдауға міндеттеледі.

6-БАП

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

6.1. Білім беру мекемесінің аумағында заңды өкілдердің:

- өзі заңды өкілі емес оқушылармен педагог не сол оқушылардың заңды өкілдерінің қатысуынсыз сөйлесуіне;

- оқу процесіне қатысушыларға қатысты ар-намысына тиетін сөздер айтуына, сондай-ақ осы Кодексте мектептегі құдалау деп танылған өзге қандай да бір әрекеттер жасауына тыйым салынады.

6.2. Заңды өкілдер Білім беру мекемесінің қызметкерлеріне не әкімшілігіне өзіне белгілі болған мектептегі құдалау фактілері туралы хабарлауға, қажет шаралар жасалуын талап етуге және өз сауалдарының қарастырылуына қатысуға қақылы.

7-БАП

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы Кодекске қол қойған немесе оған кейіннен қосылған ұйымдар қол қойғаннан кейін бір ай ішінде құдалау туралы ішкі нормативтік актіні Ұйымның қолданылуға міндетті ішкі құжаты ретінде қабылдауға міндеттеледі.

7.2. Осы Кодекске мүше болған Ұйым осы Кодекстің 7.1-бабында қарастырылған ішкі нормативтік құжатты қабылдаған (шығарған) күннен бастап қана осы Кодекске мүше деп танылады.

7.3. Ұйым осы Кодекстің 7.1-бабында қарастырылған ішкі нормативтік актінің күшін жойған күннен бастап осы Кодекске мүше болуын тоқтатады.